

Date Printed: 11/18/2008

JTS Box Number: IFES_6
Tab Number: 7
Document Title: Teachers Manual for Civic Education
Textbook (2000)
Document Date: 2002
Document Country: Kazakhstan
IFES ID: R01719



* 4 A 9 2 C 2 F 5 - 7 2 C 8 - 4 9 E D - B 4 3 F - E 1 C B 1 D E F 9 7 0 9 *

International Foundation for Election Systems (IFES)

Final Project Report

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

October 1, 1997 – September 30, 2002

USAID Cooperative Agreement EE-A-00-97-00034-00

**Teacher's Manual for Civic Education
Textbook (in Kazakh)**

Сайлау Жүйелерінің Халықаралық Қоры

АЗАМАТТЫҚ
Б І Л І М
Б Е Р У Г Е
К І Р І С П Е

*Жалпы білім беретін орта мектептің
мұғалімдеріне арналған оқу құралы*

Алматы 2000



Сайлау жүйесінің
Халықаралық қоры
Международный Фонд
Избирательных Систем

АЗАМАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ.

Жалпы білім беретін орта мектептің мұғалімдеріне арналған оқу
күралы. - Алматы: Қнп «XXI век», 2000. — 20 бет.

Кіріспе

Бұл оқулықты елдегі азаматтық білім саласын дамытуда көмек көрсету мақсатымен Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің қолдауымен Сайлау Жүйелерінің Халықаралық Қоры дайындалды.

Оқулықты орта мектептің гуманитарлық бағытта оқытылып жатқан 10-шы және 11-ші сынып оқушылары пайдалана алады.

Аталған курстың мақсаты өскелең ұрпақтың Қазақстандағы демократия мен азаматтық қоғам туралы түсінігін кеңейту, сондай-ақ болашақ ұрпақ- сайлаушыларды, саяси жетекшілер мен азаматтарды үйрету. Оқулық белсенді оқыту және қатысу, дағдыларды дамыту, әсіресе демократиялық жағдайларда азаматтық қоғамның өзара қатынасының ролін түсіндіру үшін жазылған.

Мұғалімдерге арнап жазылған бұл оқу құралы оқушыларға тақырыптарды ашып түсіндіруге көмектеседі, сабақты өткізудің белсенді әдістерін көрсетеді, осылайша мектептің оқу жоспарын тағы да бір қызықты пәнмен толықтырады.

Бұл оқу құралы тараулар бойынша дайындалған, оқулықтың мақсатына шолу жасалынған, сабақ берудің әдістері мен оқулықтардың үй тапсырмаларының ыңғайлары көрсетілген. Әрбір тарау жеткілікті жазылған. Олардың әрқайсысы прогрессивті бағытта дами отырып білім беруге көмектеседі. Әр тарауда тапсырмалар, сұрақтар және сөздіктер берілген.

Бұл курсты табысты аяқтау үшін қосымша материалдарды пайдаланудың қажеті жоқ.

Оқулық 28 тараудан, төрт жаттығудан және қорытындыдан тұрады. Топтардағы жаттығуларды қоспағанда, тараулардың көпшілігі бір сағаттық сабақ өткізуге арналған. Әрбір сабақты оқу кестесі мен оқу жоспарына лайықтап енгізуге болады.

Курстың мақсаты

1. Оқушыларға Қазақстандағы демократияның дамуына қатысу үшін тиісті білімді, сайлау жүйесін, Қазақстанның Конституциясын, елдің саяси жүйесіне, заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері мен саясат пен экономиканың өзара қатынасы туралы түсінікті беру.

2. Оқушыларға Қазақстанның саяси өмірінің бұқаралық ақпарат құралдары, ортақ мүдделері бойынша біріккен саяси партияла-

ры мен топтары сияқты басқа да қырларының ролі туралы ашық та, дәл мәлімет беру.

3. Оқушылардың ой-өрісін дамыту.
4. Оқушыларды белсенді азамат болуға шақыру.

Сабақ өткізу әдіснамасы.

Бұл курс сабақ өткізудің белсенді әдістеріне құрылған. Бұл оқушылардың тақырыппен тікелей қарым-қатынасқа түсуін қамтамасыз етеді. Бұған оқушылардың класта және одан тыс тапсырмаларды орындауы арқылы қол жеткізуге болады. Сондай-ақ, топтық пікір-талас, жаттығуларды класта және одан тыс аяқтау бастамалары қолданылады. Өз кезегінде бұндай сабақ өткізу әдіснамасы енжар оқушыларға емес, белсенді оқушыларға арналады. Бұндай әдіснама мұғалімдердің оқушылардың құнды материал алуудағы тәжірибесін шын өмірде қолдануына ұмтылысын жақтайды.

Сұрақтар

Әрбір тарауда сабақтың соңында класта оқушыларға берілетін сұрақтар тізімі бар, оларды үй тапсырмасы ретінде немесе оқушылардың білімін тексеру мақсатында қолдануға болады. Егер сұрақтар класта берілетін болса, онда миға қозғау салатын бұл әдіс топта пікір-таластар тудырады және әсерлі топтардың құрылуына әсер етеді. Оқушылар тапсырманы өз бетімен орындау үшін шағын топтарға бөліне алады.

Оларға жауапты оқушылар оқулықтың ішінен табады, ол үшін қосымша материалды іздестірудің қажеті жоқ.

Әрбір тарауда тізім бар. Оны оқушылар үй тапсырмасы ретінде немесе олардың білімін тексеру үшін берілген тапсырмалар ретінде класта немесе одан тыс орындай алады. Мұғалімдер оқушылардың жауап беруге шамасы жетеді деген сұрақтарды таңдап алып, оқылған материалдың көлемінде жаңа тапсырмалар ойлап таба алады. Тапсырмалар оқушылар спикерлермен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шенсуіктерімен кездесу өткізуді ұйымдастыру, отбасы мен көршілерімен әңгімелер өткізіп, шағын жергілікті зерттеулер жүргізулерге лайықтап дайындалған.

Тапсырмалардың көпшілігін оқушылар топтарда, ал кейбіреулерін өз бетінше орындай алады. Ал кейбір тапсырмалар класта презентациялар өткізуді қажет етеді, сондықтан оларды өткізетін аудиториялық сағаттарды қарастыру керек.

Үй тапсырмасы

Текстің материалын қолдана отырып, мұғалімдер үй тапсырмасының немесе емтиханның сұрақтарын дайындай алады. Ол үшін әр тараудың соңында келтірілген тапсырмалар мен сұрақтарды да қолдануларына болады. Егер сіз кейбір сұрақтарды үй тапсырмасы ретінде таңдап алсаңыз, онда олардың көпшілігін орындауға уақыт, кездесетін адамдарға телефон шалу, мектептерге бару және қысқаша сұрақ-жауап дайындау сияқты қосымша күш жұмсау қажет екендігін ескергеніңіз жөн.

Топтардағы жаттығулар

Оқулықта топтарға арналып төрт жаттығу берілген, оларды бірнеше сағат сабақ кезінде, немесе сабақтан тыс орындауға болады. Жаттығулар мына мәселелерге арналған:

- Сайлауларды ұйымдастыру
- Үкіметтік емес ұйымдарды құру
- Адамдар құқы жөніндегі талас мәселелерді шешу
- Ойдағы мемлекеттің конституциясын жасау.

Сайлауларды ұйымдастыру туралы жаттығуға (24-тарау) класстан тыс ең кем дегенде сегіз сағат керек. Бұл жаттығуларды орындауда мектеп үшін қызықты да, үлгілі тәжірибе жинақтау үшін басқа да кластар мен оқушыларды командаға енгізуге болады.

Әрбір жаттығуларға берілген нұсқаулар жеткілікті, қосымша материалды қажет етпейді. Олардың мазмұнымен сабақ басталғанға дейін толық танысып алу керек. Жаттығулардың барлығы осы кітапта жасалған талдауларға, келтірілген ақпараттар мен идеяларға негізделген. Жаттығулардың мақсаты шын өмірде кездесетін жағдайлардың үлгісін жасау.

Қосымша материал

Оқушылар мен мұғалімдерге қосымша материал ретінде ҚР-ның Конституциясы мен Қазақстан Республикасындағы Сайлаулар туралы ҚР-ның Конституциялық Заңын ұсынуға болады.

1-тарау: Пост-кеңестік Орталық Азиядағы азаматтық тәрбие

Негізгі сөздер: азаматтық білім, ажырамас құқық, қоғамдық игілік, азаматтық мәдениет, саяси мәдениет, азаматтық қоғам, тоталитаризм, плюрализм, homo democraticus, саяси заңдылық.

Кіріспе ретіндегі бұл тарау осы пәнді пост-кеңестік Кіндік Азияда оқып-үйренудің қажеттілігіне дәлел болады.

Тарауда кеңестік режим конституция мен эгалитаризм философиясына негізделгендіктен демократия принциптерін дамыту мүмкін болмағандығы туралы сөз болады, дәлел келтіріледі. Сондықтан да Қазақстан өзінің тәуелсіздігін саяси жүйе, плюрализм және саяси заңдылық сияқты демократиялық құндылықтар туралы мәлімет беретін жаңа азаматтық мәдениетті дамыту үшін пайдалануы тиіс.

Оқушылардың материалды жақсы қабылдауы үшін бірінші тарау мынадай маңызды сәттерді ашып көрсетеді:

- !! Ортақ мүддесі ережелердің нормасына бағынған өскелең, ерікті ұйымдардың даму қажеттілігі.
- !! Заңдарды табысты жүзеге асырып, жеке бастамаға шақыратын демократиялық үкімет қолдау көрсететін саяси мәдениетті құру қажеттілігі.
- !! Азаматтық білімнің мәні.
- !! Қоғамдық игілік идеясы.

Бұл тарау кіріспеге жақсы негіз болады. Одан оқушылар азаматтық білім деген қандай болу керек, алған білімдерінде қандай кемшіліктер бар деген сауалдарына жауап іздеуге сондай-ақ, олардың болашақ азамат ретінде қалыптасуына көмектеседі.

2-тарау: Отбасы

Негізгі сөздер: жұбайлық отбасы, өзекті отбасы, кеңейген отбасы, тәжірибелік отбасы, моногамия, полигамия, полиандрия, әлеуметтендіру, майорат, аталық жолы.

Бұл тарау әлеуметтендірілген қоғамның басты бірлігі ретіндегі отбасының маңызды ролін анықтайды. Бұл ыңғай оқушыларға отбасы не үшін қажет, оның функциялары қандай деген сауалдарға жауап беруге көмектеседі. Отбасының өмірі қандай бағытта өзгергенін көру үшін оқушылардан өз отбасын, ата-тегін мысал етіп алуын, сондай-ақ, оқушылардан Қазақстандағы отбасының болашағын көз алдына қалай елестететінін сұрау керек.

Бұл тараудың соңында оқушылардың мынадай төрт проблеманы талқылауға мүмкіндігі болады:

- 1) Отбасының түрлі типтері.
- 2) Жалпы алғандағы отбасының функциясы.
- 3) Жекеменшік пен отбасының өзара байланысы.
- 4) Отбасының заңдары мен этикалық құндылықтары.

3-тарау: Жекеменшік және экономикалық өрлеу

Негізгі сөздер: ынтымақтастық меншік, баға, тапшылық, сұраныс және ұсыныс, бартер, ынталы болу, бәсеке, маркетинг, экономикалық өрлеу, технологиялық өзгерістер, экономикалық ұйым, менеджер, жұмыс жоспары.

Бұл тарауда қазіргі кезеңдегі либералдық, демократиялық қоғамды түсінуге қажетті мәліметтер мен талдаулар беріледі. Қазақстанда демократияландыру мен экономикалық либерализациялау қатар жүрді, сондықтан оқушыларға олардың өзара байланысын түсіну маңызды. Экономиканы оқып жүрген оқушылардың бұл саладан хабары болуы мүмкін, сондықтан оларды саяси өмір мен саяси құрылым туралы ойлануға шақыруға болады.

Бұл тараудың соңында оқушылардың мынадай төрт проблеманы талқылауға мүмкіндіктері бар:

- 1) Жеке меншіктің пайда болуы
- 2) Ынталылық ұғымы және оның экономикалық өрлеумен байланысы
- 3) Адамзаттың ынтымақтастық ұғымы
- 4) Экономикалық өрлеудің маңызы.

4-тарау: Экономикалық және саяси бостандықтардың қарым-қатынасы

Негізгі сөздер: экономикалық бостандық, азаматтық бостандықтар, саяси бостандықтар, орталықтандырылған жоспарлау, өтпелі кезеңдегі жекешелендіру.

Негізі экономикалық концепцияларды қарастыра отырып, бұл тарау экономикалық және саяси бостандықтардың өзара байланысын дамытады. Бұл екеуі саяси және азаматтық бостандықтардың басты көрсеткіштері болып табылады.

Бұл тізімді класта кез келген мектептердегі экономикалық және саяси бостандықтарға баға берудің қуатты құралы ретінде қолдануға болады.

Тараудың соңында оқушылар мына төмендегілер туралы түсінік алады:

- 1) Экономикалық және саяси бостандықтардың әртүрлі анықтамалары туралы.
- 1) Экономикалық бостандық пен хал-ақуалдың ара қатынасы туралы.
- 1) Жекешелендіру процесінің проблемалары туралы.
- 1) Экономикалық және саяси бостандықтардың қайсысын таңдау жөнінде.

5-тарау: Қазақстандағы экономикалық өзгерістер

Негізгі сөздер: жекешелендіру, мемлекеттік мекеме, ауыл шаруашылығы, валюталық айырбас, акция, инфляция, депозит, пайыз, банктік жүйе.

Бұл Қазақстанға арналған бірінші тарау. Оқушылардың республикадағы жекешелендіру, оның ішінде экономикалық дамуына әсері туралы түсінік алуға мүмкіндігі болады. Оқушылар жекешелендірудің өздерінің өмірі мен отбасына тигізген әсері туралы ойлана алады. Бұл тарауда өздерінің экономикалық ілім саласында алған білімдерін іс жүзінде қолдана алады.

Тараудың соңында оқушылар төмендегідей тақырыптарды жан-жақты талқылай алады:

- 1) Қазақстанда жекешелендіру процесі қалай өтті?
- 1) Жекеменшіктің конституциялық кепілдіктері және олардың жекешелендіруге қандай қатысы бар?
- 1) Қазақстандағы банктік жүйе және оның жекешелендіру процесіндегі ролі мен маңызды мәні.

6-тарау: Мемлекеттің пайда болуы

Негізгі сөздер: мемлекет, үкімет, ұлт, полис, моральдық негіздеме, заңдылық, respublica, анархия, табиғи жағдай, монархия, аристократия.

Бұл тарау бізге келешекте оқулықта қолданылатын негізгі саяси концепцияларды береді. Сондықтан да, оқушылардың мемлекет және ұлт, мемлекет және үкімет, ел және мемлекет ұғымдарын бір-бірінен ажырата білуі маңызды.

Әрі қарай талқылаудың басты тақырыптары: революция және революция мен өзгерістердің өзара байланысы туралы болады. Тарауда Шығыс және Орталық Европада, Орталық Азияда болған өзгерістердің тәжірибелерінен мысал келтіріледі. Оқушылар Кеңес

Одағы мен бұрынғы кеңестік империяның тарихы саласындағы білетіндерін ортаға салуы керек.

Сондай-ақ, оқушылардың басқарудың қарама-қарсы түрі ретіндегі анархия ұғымы туралы түсінігі болуының, институт ретінде не себепті мемлекет пайда болды және ол бүгінгі күнге дейін не үшін қажет екендігін білуі өте маңызды.

Тараудың соңында оқушылардың мынадай мәліметтерді талқылауға мүмкіндіктері болады:

- 1) Тарих барысындағы мемлекеттің дамуы.
- 1) Мемлекеттің анықтамасы.
- 1) Заңдылық проблемалары.
- 1) Мемлекет жөніндегі жалған түсініктер.
- 1) Революцияның пайда болуы және революциялық өзгеріс.

7-тарау: Ұлтшылдық

Негізгі сөздер: модернизация, объективті сипаттамалар, азшылық, көпшілік, ксенофобия, езілгендердің ұлтшылдығы, ұлтшылдық, ұлттық, ұлт.

Бұл тараудағы азаматтық қоғам үшін ұлтшылдықты түсіну сыни сипат алады. Мемлекеттің қалыптасу барысында жаңа идеялар пайда болып, жаңа түсінікке, жалпы тарихқа, дін, нәсіл, тіл сияқты жаңа объективті сипаттамаларға негізделді. Мемлекеттің қалыптасу негізінде пайда болып, дамитын құндылықтар мен қатынастар азаматтық қоғамның қалай өсетіндігін айқындайды.

Бұл тарауды талқылауға (*тапсырмалар мен сұрақтарды қараңыз*) қатынаса отырып, оқушылар өздерінің абстрактілі және сыни ойлау қабілеттерін дамытады, сондай-ақ ұлттық құндылықтардың маңызын біліп, оның бүгінгі таңдағы мәнінің қаншалықты екендігін түсінеді.

Тараудың соңында оқушылар мынандай төрт тақырыпты талқылай алады:

- 1) Ұлтшылдықтың анықтамасы.
- 1) Ұлтшылдықтың негіздері.
- 1) Ұлтшылдық пен тілдің арасындағы өзара байланыс.
- 1) Азиядағы ұлтшылдықтың кейбір түрлерінің мысалдары.

8-тарау: Қазақстандағы мемлекеттіліктің қалыптасуы

Негізгі сөздер: мемлекеттілік, кеңестік жүйе, Ресей Империя-

сы, хандық, тайпалар, көшпелілік, индустриаландыру, көпұлтты мемлекет, плюрализм, тіл, дін, егеменді мемлекеттер.

Ұлтшылдық тақырыбын жалпылама талқылай келіп, бұл тарау Қазақстандағы мемлекеттіліктің қалыптасу процесін қарастырады. Оқушылар жоғарыда алған теориялық білімдерін қолдана отырып Орталық Азияның тәжірибесін талқылауы керек. Осылайша, олар мына төмендегідей сауалдарды көтере алады:

- 11 Ұлттық негіздің мағынасы қандай?
- 11 Ұлтты кім құрайды?
- 11 Мемлекеттің қалыптасуы үшін қазақ тілінің маңыздылығы қаншалықты?

Тарауды оқушылардың өздерінің ұлттық негізіне, мемлекеттілігіне қатысы, Қазақстанның әлемде алатын орнына, сондай-ақ тілі, тарихы, мәдениеті, діні бір, мүддесі ортақ көрші елдермен қарым-қатынасына қалай қарайтындықтары жөніндегі пікір-таластарымен толықтыруға болады.

Тараудың соңында оқушылар мынандай үш тақырыпты талқылайды:

- 11 Қазақстандағы мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи негіздері
- 11 Кеңес Одағы кезіндегі мемлекеттілік
- 11 Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы мемлекеттілік.

9-тарау: Мемлекет және саяси билік

Негізгі сөздер: саяси жүйе, саяси билік, үкімет, рулық қоғам, ұлтаралық мемлекет, федерализм, демократия, олигархия, монархия, қатысу, ұлттың үстінен қарайтын жүйелер, аймақтық үкімет, билікті орталықтандыру, номенклатура, дауыс беру теңдігі, автономия, өзін-өзі билеу және демократия.

Бұл тарау оқушыларды саяси биліктің, саяси құрылыстың және саяси жүйенің негізгі концепцияларымен таныстырады. Сонымен бірге бұл тарау саяси биліктің және оның әртүрлі формалары мен оның тигізетін ықпалына сыни тұрғыдан шолу жасайды. Тараудың басты концепциясы мемлекет. Осы тарау келесі тарауға аздап шолу жасайды, сөйтіп үкіметтің құрылымын жан-жақты қарастырады. Сондай-ақ, бұл тарауда оқушылар кейбір халықаралық концепциялармен танысады.

Тараудың соңында оқушылар мынандай бес тақырыпты жан-жақты талқылайды:

- 11 Ұлттық мемлекеттік деңгейінен төмен тұрған саяси жүйелерді.
- 11 Саяси жүйелер ретіндегі ұлттық үкіметті.
- 11 Саяси биліктің түрлерін.

- 1) Демократия және саяси билік.
- 1) Ұлттық мемлекеттің деңгейінен жоғары тұрған саяси жүйелерді.

10-тарау: Үкіметтің құрылысы

Негізгі сөздер: тирания, узурпация, сайлау, мемлекет басшылары, президенттер, вице-президенттер, кабинет, билік тепе-теңдігі, дауыс беру, сайлау жүйелері, саяси партиялар және партиялық идеялар, сол қанат, оң қанат.

Бұл тарау азаматтық білім беру курсының негізін құрайды. Үкіметтің құрылымын және олардың қалай сайланатындығын суреттейді.

Бұл тарауда оқулықтың басты концепцияларының бірі – билік балансы ұғымы түсіндіріледі. Оқушылардың парламент пен атқарушы өкімет және соттық жүйелерінің арасындағы билікті бөлісу жөнінде толық түсінігі болуы қажет.

Сайлаулар жүйесі бөлімінің маңыздылығы, демократиялық мемлекеттегі сайлаудың маңыздылығында ғана емес, сондай-ақ кейінірек сайлауды ұйымдастыру жөнінде жаттығулардың берілуінде. (24-тарау).

Бұл тарау демократия жағдайында саяси партиялар мен басқа ұйымдардың ролін қарастырады. Оқушылар демократиялық жүйедегі саяси партиялардың, кәсіподақтардың және азаматтық қоғамның басқа да саяси қайраткерлерінің ролін түсінуі қажет.

Тараудың соңында оқушылар төмендегідей мәселелерді талқылай алады:

- 1) Билікке үкіметтік монополия проблемалары.
- 1) Билік балансы концепциясы.
- 1) Сайлау жүйелері және оның салдарлары.
- 1) Демократия жағдайындағы саяси партиялар мен басқа саяси қайраткерлердің ролі.

11-тарау: Заң шығарушы органдар

Негізгі сөздер: парламенттер (немесе заң шығарушы органдар), өкілдер, билль, екі сатылы жүйе, плюрализм, сайлау округтері, парламенттік процедуралар, комитеттер, заңшығармашылық, сайлаулардың дұрыстығын тексеру.

Бұл тарау оқушыларға демократиялық процестегі парламенттер мен заң шығарушы органдардың ролін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Олар өкілеттілік, заңшығарушылық проблемалары

мен заңшығармашылық процесіндегі тәртіптер мен процедуралардың қатаң сақталуының маңызды екенін түсінуі қажет. Сондай-ақ, олар жай азаматтар мен парламентке сайланушы өкілдердің ара қатынасын түсіне білу керек. Тұтас алғанда, оқушылар бұл жүйелердің демократия ережесіне, адалдық, бәсеке, заңдылық және ашықтық дегендерге қандай қатысы бар екенін түсінуі керек.

Тараудың соңында оқушылар мынандай тақырыптарды жан-жақты талқылай алады:

- || Заң шығарушы органдар не себепті пайда болды.
- || Заң шығарушы органдар қалай ұйымдастырылған.
- || Демократия жағдайында өкілеттілік концепциясы қалай жұмыс істейді.
- || Парламенттегі процедуралар қалай жұмыс істейді.
- || Демократиядағы, мемлекеттегі заң шығарушы органдардың ролі қандай?

12-тарау: Қазақстан үкіметінің құрылысы

Негізгі сөздер: парламенттік жүйе, президенттік жүйе, премьер-министр, әкімдер, сенат, мәжіліс, маслихат, аудандар, конституциялық кеңес, референдум, жоғарғы сот, конституциялық сот.

Бұл тарау Қазақстан үкіметінің құрылымын ашып көрсетеді. Оқушылар президенттің, премьер-министрдің, парламенттің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ролі және олардың өзара қарым-қатынасы туралы жақсы таныс болуы керек. Бұл құрылымды жақсы түсіну арқылы оқушылар үкімет қалай ұйымдасқан және олар Қазақстанда қалай қызмет етеді деген мәселелерді толық түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл құрылым мен оның атқаратын қызметін өткен тарауларда көрсетілген құрылымдармен салыстыру пайдалы.

Тараудың соңында оқушылар мынандай мәселелерді талқылай алады:

- || Президенттің ролі.
- || Премьер-министрдің ролі.
- || Парламенттің ролі.
- || Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ролі.

13-тарау: Қазақстанның сайлау жүйесі

Негізгі сөздер: дауыс беру, сайлау бюллетені, құпиялылық, сайлау, оң дауыс беру, референдум, сайлаудағы бақылаушылар, орталық

сайлау комитеті, кампания, кандидаттар, саяси партиялар, электорат, сайлау округтары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, маслихаттар, мәжіліс, сенат, президент, мандат, өзін-өзі ұсыну, дауыстарды есептеу, срезелерді бұзу және сайлау қорлары.

Бұл тарау 12-ші тараудың жалғасы тәрізді және де Қазақстандағы сайлау өткізу процесін арнайы қарастырады. Осылайша, бұл аталған тарау Қазақстандағы демократияландыру процесін сыни тұрғыдан түсінуге көмектеседі. Оқушылар 24-ші тараудағы жаттығуларды орындамас бұрын осы тараудың мазмұнын жан-жақты оқып алулары керек. Шын мәнінде, 24-ші тараудың жаттығуын осы тарауды тамамдаған соң ғана орындау керек.

Тараудың соңында оқушылар мына мәселелерді талқылай алады:

- || Сайлаушылар құқы.
- || Сайлау процедуралары.
- || Нәтижелері қалай шығарылады.
- || Сайлаулар қалай өтеді.

14-тарау: Демократиялық елдердегі әйелдердің ролі

Негізгі сөздер: Адам Құқының Жалпыхалықтық Декларациясы, иландыру, қатысу, дискриминация, өкілеттілік, шеттету, сайлау құқы, әйелдер құқы, құлдық, Наполеонның Кодексі, Кеңес Одағы, қайта құру, теңдік, колониализм, парламент, жетекшілік және демократия.

Бұл тарау оқушыларға демократиялық жүйелердегі өкілеттілік пен қатысу теңдігі проблемаларын талқылап, қарастыруға мүмкіндік береді. Әйелдердің мысалында оқушылар демократиялық процесте кейбір топтарға өкілеттілік үшін таласуға, оған қатысуға рұқсат ала қалған жағдайда өз позицияларын ұстанып, сақтау үшін күресуге тура келетінін көреді.

Тарау сондай-ақ, өкілеттіліктің сыни мәселелері – кім демократиялық жүйеде басқалардан жақсырақ өкіл ұсына алады дегендерді ашып көрсетеді. Оқушылар сайлауға қатысу, теңдік және өкілеттілік сияқты тақырыптарға ойланып, демократия жағдайында бұл мақсаттарға қандай жолмен жетуге болады деген сауалға жауап беруге ұмтылады.

Тараудың соңында оқушылардың мынандай төрт тақырыпты талқылауға мүмкіндіктері болады:

- || Индустриалдық демократиядағы әйелдер құқы.
- || Басқа жерлердегі әйелдер құқы.
- || Заң шығарушы органдардағы әйелдер өкілеттілігі.
- || Әйелдердің қатысуын көтермелеу.

15-тарау: Әйелдер және Қазақстандағы саяси өмір

Негізгі сөздер: өкілеттілік, қатысу, парламент, дәстүрлер, қалың-мал, саяси құқық, теңдік, неке шарттары, патриархат, көшпенділік, мәденнет, ислам, дін, Ресей Империясы, «Алаш» қозғалысы, конституция, өтпелі кезең, үкіметтік емес ұйымдар және халықаралық әйелдер қозғалысы.

Бұл тарау 14-ші тарауды дамытып, Қазақстанның саяси өміріндегі әйелдердің ролін қарастырады. Өткенімізді түсіну бүгінгі күнді түсінудің негізгі шарты болып табылады, сондықтан оқушылар дәстүрлі тарих, қоғам және отбасы жөнінде алған білімдерін пікір-талас барысында қолдана алады.

Бұл тарау болашақ Қазақстандағы әйелдердің ролі туралы пікір-таластың негізі бола алады. Оқушылар 14-ші тарауда берілген демократиялық жүйелерде кімді-кім ұсына алады, әйелдер-әйелдерді, көпшілік азшылықты ұсына ала ма? Бүкіл қоғамдық секторды ұсынуға бола ма? деген сауалдар төңірегінде жарыс сөздер, пікір-таластар ұйымдастыруларына болады.

Тараудың соңында оқушылар мына төмендегідей тақырыптарды талқылай алады:

- || Дәстүрлі Қазақстан қоғамындағы әйелдер.
- || Бүгінгі күндегі Қазақстан әйелдері.
- || Қазақстандағы азаматтық қоғамның әйелдері.

16-тарау: Құқықтық нормалар

Негізгі сөздер: құқықтық жүйе, конституция, демократия, бостандық, тәртіп, теңдік, заңның дәстүрлері, ислам, құран, сот, сот жүйесі, конституциялық кепілдіктер, авторитаризм, коммунизм, мүмкіндіктер теңдігі, нәтиже теңдігі, жалпы құқық, азаматтық құқық, билікті бөлу, федеральдық мемлекет, унитарлық мемлекет, дәстүрлік құқық және соттар.

Бұл тараудың мазмұны демократия идеясын сыни тұрғыдан түсінуге мүмкіндік береді. Демократия құқықтық нормаларсыз гүлдене алмайды. Сондықтан да оқушылардың осы тарауда айтылатын конституцияның мәні, тәуелсіз соттар, заң алдындағы теңдік, құқықтың әмбебаптығы мен процедуралары сияқты идеялар мен концепциялар жүйесінде толық мағлұматы болуы керек. Пікір-талас, айтыс кезінде оқушылар өздерінің бар білімдерін қолдана алады.

Тараудың соңында оқушылар мынандай мәселелерді талқылай алады:

- || Конституцияның ролі.
- || Теңдік, бостандық және тәртіп процедуралары.
- || Заңның дәстүрлері.

17-тарау: Қазақстандағы құқық нормалары

Негізгі сөздер: құқық нормалары, демократия, конституция, ұлттық негіз, азаматтық қоғам, дауыс беру, референдум, парламент, саяси ұйымдар, діни ұйымдар, соттық жүйе, жоғарғы сот, соттар, прокуратура және тәуелсіз соттар.

Бұл тарау оқушылардың назарын арнайы түрде Қазақстандағы құқықтық нормаларға аударады. Бұл тарау 16-шы тараудың құрамдас бөлігі. Өткен тараулардан теориялық білім алған оқушылар Қазақстандағы құқықтық нормаларды соттық жүйеге, сайлау жүйесіне, саяси партиялар мен азаматтық қоғамға іс жүзінде қалай қолдануға болатындығын қарастыра алады. Оқушылар осы тараудан Конституция мен құқықтық жүйелердің қоғамға қалай әсер ететіндігі туралы толық та, мазмұнды мағлұмат алады, осылайша, олар демократиялық қоғамдағы конституцияның маңызына баға бере алады.

Елсіз аралдағы кеме апатына ұшырағандар үшін конституция жазуға арналған тарау (25-тарау) осы аталған екі тарауды өзінің құрамдас бөлігі ретінде қолдана алады.

Қосымша материал ретінде ҚР-ның Конституциясы мен Қазақстан Республикасындағы Сайлаулар туралы ҚР-ның Конституциялық Заңы ұсынылады.

Тараудың соңында оқушылар мына төмендегі тақырыптарды талқылай алады:

- || Қазақстан Конституциясының дамуы.
- || Құқықтық нормалар және Қазақстандағы азаматтық қоғам.
- || Қазақстандағы соттық жүйе.

18-тарау: Адам құқы және халықаралық құқық.

Негізгі сөздер: адам құқы, халықаралық құқық, заңның күшіне енуі, табиғи құқық, теңдік, міндет, жауапкершілік, оң құқықтар, теріс құқықтар, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Адам Құқығының Жалпыхалықтық Декларациясы, азаматтық және саяси құқықтар, экономикалық және әлеуметтік құқықтар, «қырғи-қабак» соғыс, халықаралық соттар, соғыс кезінде жасалған қылмыстар, азаматтық.

Бұл тарау сіздерді тұңғыш рет мына төмендегідей ұғымдармен таныстырады: адам құқы, халықаралық ұйым, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Европадағы Қауіпсіздікті Қамтамасыз ету және Көмек Көрсету Ұйымы және халықаралық құқық.

Оқушылардың халықаралық құқық, Адам Құқының Жалпыхалықтық Декларациясы дегендер болатындықтан, адам құқы идеясы ашық пікір-таластардың басты тақырыбы болатынын білгендері өте маңызды. Бұл әсіресе заңды анықтап, оның күшіне енген кезін сөз еткенде өте-өте пайдалы. Осы пікір-талас, талқылау кезінде құқықты оқып үйренген оқушылар осы саладағы өз білімдерін пайдалана алады.

Бұл жерде адамдар құқы бойынша халықаралық құқықтың адамдардың күнделікті іс-қызметіндегі алатын ролін және халықаралық қоғамның азаматтарға тікелей қатысын атап кеткен жөн.

27-ші тараудағы жаттығу осы аталған тараудың құрамдас бөлігі болып табылады және де оқушыларды адам құқын іс жүзіне асыру саласында белсенді қатынасуларына мүмкіндік береді.

Тараудың соңында оқушылар

- !! Адам құқының анықтамасымен.
- !! Халықаралық құқық пен адам құқының ара-қатынасымен.
- !! Адам құқы өмірге қалай енгізілетіндігімен таныса алады.

19-тарау: Азаматтық қоғамға кіріспе

Негізгі сөздер: азаматтық, демократия, өркениеттілік, қоғамдық игілік, қайта құру, жариялылық, әлеуметтік топтар, отбасы, плюрализм, грек қоғамы, рим қоғамы, қатысу, тікелей және өкілетті демократия, саяси және әлеуметтік ұйым, бірігу бостандығы, альтруизм.

Бұл тарау осы аталған оқулықтың және азаматтық білім берудің орталық концепциясы — азаматтық қоғамды жан-жақты талдап көрсетеді. Оқушылардың азаматтық қоғамның маңызы мен оның үкіметіне және мемлекеттің институтына қатынасын анық түсінгені өте маңызды. Кейінірек, басқа тарауларда, оқушылардың Қазақстандағы азаматтық қоғам мен белсенділік проблемаларын талқылауға мүмкіндігі болады. Ал бұл тарауда олар негізгі концепцияларды қарастырады. Оқушылар үшін өкілетті демократия мен тікелей демократиялық айырмашылығын ажырату, демократиялық құрылымдағы азаматтардың азаматтық қоғамда қандай роль атқаратынын білу өте маңызды.

Тараудың соңында оқушылар мыналарды түсіне алады:

- !! Азаматтық қоғамның анықтамасын.
- !! Демократия мен азаматтық қоғамның ара қатынасын.
- !! Азаматтар қалай қатыса алады.

- 1) Азаматтық қоғамдағы ұйымдардың ролі.

20-тарау: Азаматтық қоғамның компоненттері

Негізгі сөздер: ортақ мүдделер бойынша құрылған топтар, үкіметтік емес ұйымдар, өкілеттілік, ұйым, мониторинг, кәсіподақтар, кәсіптік топтар, қайрымдылық ұйымдары, діни топтар, экономикалық қажеттілік, ерікті ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, дін, этика.

Бұл тарау оқушыларға алдыңғы тарауларда көрсетілгендей қоғам ұғымын ашып түсінуге көмектеседі, азаматтық қоғам ұғымын бірнеше бөлікке бөліп қарастырады. Мысалы, осы жерде атап көрсетілген топтар үкіметтік емес ұйымдар ретінде қарастырыла алады. Олар азаматтық қоғамның іс-қызметі мен демократияның өрлеуі үшін өте маңызды. Оқушылар азаматтардың қоғамдық игілікке үлесін қосу мен демократиялық мәдениетке қатысуының түрлі жолдарына сыни тұрғыдан қарай алады.

Тараудың соңында оқушылар мына төмендегілерді түсінеді:

- 1) Ортақ мүдделері бойынша құрылған топтардың ролі және бұл деген не.
- 1) Ерікті ұйымдардың ролі және бұл деген не.
- 1) Бұқаралық ақпарат құралдарының азаматтық қоғамдағы ролі.
- 1) Азаматтық қоғамдағы діни және этикалық құндылықтардың ролі.

21-тарау: Қалай белсенді болуға болады

Негізгі сөздер: іс-әрекет, енжарлық, шешім қабылдау, қатысу, сайлау құқықтары, жауапкершілік, сайлаулар, саяси кампания, саяси партиялар, қауымдастықтағы шаралар, волонтаризм, жетекшілік, құқық, құрмет, қайрымдылық.

Қайрымдылық көбінесе азаматтық қоғамда кездеседі. Адамдар белсенді болу үшін не істеулері керек және қауымдастықтың саяси өміріне қалай қатынаса алады. Бұлардың бәрі оқушыларға өздерінің мүдделерін, дағдысын, қабілеттерін және тәжірибелерін қауымдастықтың қоғамның өмірінде немесе мектепте қолдануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, дауыс беру, сайлау құқықтары және жауапкершілік тәрізді саяси шараларға өз еркімен қатынасу маңызды екендігін көрсетеді. Бұл тарау азаматтық қоғамда өмір сүрудің дағдыларын айқындап береді. Тарауды оқушылармен тәжірибелік мақсатта талқылауға болады.

Тараудың соңында оқушылармен еркін түрде мыналарды талқылауға болады:

- || Сайлаушылардың құқы мен жауапкершілігі.
- || Саяси қатысулардың әртүрлілігі.
- || Біреулер екінші біреулерге не үшін көмектесуі керек.
- || Өзара қарым-қатынас не үшін маңызды.

22-тарау: Қазақстандағы азаматтық қоғам

Негізгі сөздер: феодализм, көшпенділік, Ресей Империясы, коммунизм, класс (тап), азаматтық, ерікті ұйымдар, әлеуметтік қызмет, мәдениет, діни ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар.

Бұл тарау осыған дейінгі үш тараудың негізінде құрылған және Қазақстандағы азаматтық қоғамды сипаттайды. Оқушылар демократия жағдайларындағы азаматтардың ролі, бұқаралық ақпарат құралдарының, құқықтық нормалар мен қатысудың маңызы туралы еркін талқылай алады. Талқылау барысында оқушылар қазіргі қоғам туралы алған тәжірибелерін, Қазақстан тарихы мен мәдениеті туралы алған білімдерін қолдана алады. Бұл тарау Қазақстан өзінің болашағын қандай қоғамнан көре алады, ал ондағы оқушылардың ролі қандай деген сауалдарды талқылауға мүмкіндік береді.

26-тарау осы тараудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Оқушыларға орындауға берілген жаттығу негізінде шынайы оқиға жатыр. 2000-шы жылдың көктемінде Каспий теңізі өңірінде итбалықтар жаппай апатқа ұшыраған. Осы оқиғаға байланысты оқушылардың міндеті – үкіметтік емес ұйым құру.

Тараудың соңында оқушылар мынандай мәселелерді еркін талқылай алады:

- || Қазақстандағы азаматтық қоғамның тарихи аспектісі
- || Азаматтық қоғам және тәуелсіз Республика
- || Мәдениет пен азаматтық қоғамның ара қатынасы
- || Дін мен азаматтық қоғамның ара қатынасы.

24-тарау: Сайлауды қалай ұйымдастыруға болады

Бұл тарауды курстың кез келген сатысында жаттығулар есебінде пайдалануға болады, бірақ негізгі мағлұматтарды 10-13-тараудан алуға болады. Ол үшін оқушылар алдын ала олардың мазмұнымен танысулары керек.

Жаттығуларды орындау үшін бірнеше сағат керек болғандықтан біз осыларды кластан тыс орындауды ұсынамыз. Алайда, негізгі жұмыс сабақтың уақытында басталады. Оқушыларға сайлауды ұйымдастыру ұнаса, олар сайлау ережелерін, бақылаушылардың ролін, есептеу және

басқа сайлауды өткізудің қырын тез үйрене алады. Көптеген мектептер, мысалы, жаттығуды орындау үшін сайлаушылардың, кампанияға қатынасушылардың ролін анықтау және дайындық жұмыстарын жүргізу үшін басқа сынып оқушыларын да жұмылдырады.

Жаттығу оқушыларға өздерінің күш-қуаты мен қиялын шығармашылықпен пайдалану мүмкіндігін береді. Олар сайлау плакаттарын жасайды. Саяси партиялар құру, кандидаттар ұсыну, сайлаушылармен кездесу өткізу, т.б. ойындар ойлап табады. Жаттығуды осы тараудың құрылымына қарап кеңейтуге болады.

25-тарау: Елсіз аралдағы кеме апатына ұшырағандар

Бұл жаттығуды орындау үшін оқушыларға 16-шы, 17-шы тараулардан алған конституция мен құқықтық нормалар туралы білімдері қажет болады. Осылайша бұл тарау 17-ші тараудан туындайды.

Өткен тараудағылардай, оқушылар қиялдарын, шығармашылық ыңғайларын шын жағдайларды құру және дамыту үшін пайдалана алады. Бұл жаттығу сабақ кезінде орындауға есептелінген, бірақ оны орындау үшін 3-4 сағат қажет болады. Бұл жаттығуды сабақтан тыс уақыттарда орындауға болады.

27-тарау: Үкіметтік емес ұйымдарды құру

Бұл жаттығу азаматтық қоғам және оның ішінде Қазақстандық азаматтық қоғам тарауларынан туындайды. Бұл жаттығуды орындау үшін 3-4 сағат уақыт керек. Оқушылардың талабы-тілегі бойынша, *(тараудың идеясын қараңыз)* бұл жаттығуды орындау үшін бір сағаттан артық уақыт бөлуге болады. Оқушылар өз идеяларын дамытып, топтарда немесе өз бетінше жұмыс істей алады. Бірақ олар өмірге шынайы көзқараспен қараулары керек.

Бұл жаттығу оқушылардың іс жүзінде шешім қабылдау, жетекшілік ету дағдыларын қалыптастырады. Сондай-ақ өкілеттілік, демократиялық жүйелердегі азаматтық қоғамның ролі, бұқаралық ақпарат құралдарының мәнісі, плюрализм идеясы *(дауыс жарысы)* дегендерді түсінуге, қоғамдық игі істерді жүзеге асыру мақсатында үкімет және мемлекетпен ынтымақтаса алатын азамат қалыптастыруға көмектеседі.

28-тарау: Үміт сәулесі

Бұл тарау оқулықтың көптеген тақырыптары мен идеяларының қорытындысы іспеттес. Кез келген қоғамда әрбір жеке адамның өз өміріне бақылау қойып, өзгеріс енгізе алатын билігі мен роліне үлкен назар аударылады. Бұл жағдай оқушылардың болашақ Қазақстанның контекстінде өздерінің өмірін бағалауға, өз іс-әрекетін болашақта көз алдына елестетуге әкеліп соқтырады.

Бұл тарау жеке адамның ролі, қауымдастықтың маңыздылығы, сондай-ақ адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы айтыс-тартыстарға шақыра алады.

АЗАМАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Жалпы білім беретін орта мектептің мұғалімдеріне арналған оқу құралы

Теруге берілген күні 31.07.2000.

Басуға қол қойылған күні 31.07.2000.

Қалпы 60x90 $\frac{1}{16}$. Қағазы КҮМ Lux. Гарнитурасы Times Kaz.

Шартты баспа табағы 1,25. Таралымы 100.

Қоғамдық қоры «XXI век»

480050, Алматы қаласы, Желтоқсан қошесі, 12-үй

21 ВЕК